

бала өміріндебасты рөлді мұғалім сомдайды. Осыны пайдаға асырып білікті педагогтар баланы эстетикалық жағынан ғана тәрбиелеп қаймай, сол эстетикалық тәрбие арқылы олардың жалпы дүниетанымдарын кеңейту үшін де барын салады, себебі дәл осы шақта баланың өмірге деген көзқарасы қалыптасып, болашақ жеке тұлғаның ішкі мазмұндық эстетикалық дамуы бастау алады.

Баланың музыкамен өзара байланысы қабылдаудан басталады Қабылдау – танымдық іскерліктің бір сатысы, анализ бен синтездің негізінде объектінің образын сомдауды әкелетін, осылайша заттың немесе құбылыстың маңызды белгілерін ерекшелеп және маңызы жоқтар мен актуалды еместердер арылуды қадағалайтын психикалық процесс.

Сонымен, өнер шығармасы өзінің тәрбиелік, білім берушілік мақсатын оқушы оны тікелей қабылдағанда, оның идеялық – көркемдік мәнін меңгергенде бағындырады.

Д.Б. Лихачев осыны түсіне отырып, мәселені шешу барысында өз ыңғайын істеп шығарды. Өз жұмысында ол оқушылардың көркем шығарманы қабылдауына үш негізгі этапты ерекшелеп көрсетті.

Көркемдік шығарманы игерудің бірінші этабына ол алғашқы қабылдауды, көркем образдарды тануда шығармашылық жаңғыртуды жатқызды. Бұл этаптың мәні көркемдік шығарманы балалардың алғашқы қабылдауын әбден ойластырып алу керек. Ол балалардың дұрыс ұйымдастырылмаған алғашқы қабылдауы, ереже бойынша түсініксіз немесе қызықсыз тұстар ұмытылып қалады, олардың назарынан тыс қалған тұстарда өмірлік тәжірибедегі кемшіліктер немесе көркемдік – эстетикалық дамудың әлсіз жақтары болып көрінеді.

Сол назардан тыс қалған тұстарда көп жағдайда мәнді және маңыздылар қалып кетуі мүмкін, оларсыз көркем шығарманың жалпы картинасын алу, оны терең меңгеру мүмкін емес» .

Өнерден сабақ берудің алғашқы кездерінен бастап балаларда міндетті түрде шығарманы қабылдауда жан – жақты кешенді қабілеттерді: оқымысты талантын, қараушы, тыңдаушы, шығармашылыққа қатынасу талантын дамыту керек.

Сонымен, өнер шығармалары өзінің тәрбиелік, білім берушілік мақсаттарын мектеп оқушылары толығымен қабылдағанда, оның идеялы – көркемдік мәні игерілгенде бағындырады. Көркемдік шығарманың қабылдау процессіне көбірек көңіл бөлу өте маңызды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Өтемұратова Б.С. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақтың көркем мәдениетін пайдалануға музыка мұғалім дарін даярлау: автореферат. – Алматы, 2000 ж.
2. Музыка сабағында шығармашылық қабілетті дамыту// Бастауыш мектеп. - 2005 ж , №5. - 23 б. – 28 б.
3. Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі музыканың рөлі// Бастауыш мектеп. - 2003 ж , № 11. - 18 б.
4. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана, 2002 – 247 б.
5. Ұзақбаева С. Тамыры терең бәйтерек - Алматы: Білім, 1995ж. - 142 б.
6. А.Райымбергенов. Қазанғап – Ақжелең. Алматы, Өнер. 1984
7. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы, 1990

#### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ**

**Куанышбекова Б.Ә.**, I курс студенті «Музыкалық білім» мамандығының

Жетекшісі: аға оқытушы **Есмаганбетова Ш.К.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.

Қазақ халқының музыка мәдениеті тамырын тереңге жайған, өзіндік мазмұндағы, рухани болмысымен ерекше құнды қазынамыз.

Музыкалық мәдениетіміз тарихпен байланысып, сабақтаса дамып келеді. Оған дәлел болар тарихи деректер арқылы кешегі тарихымызды ой елегінен өткіземіз. Мысалы: белгілі археолог-ғалым С.И. Руденко таулы Алтай өңіріндегі мәңгілік тоңның құрсауында жатқан бесобаға қазба жұмыстарын жүргізеді. Бұл қазба жұмыстарының нәтижесі тарихи деректерге Пазырық қорғандарының олжасы деген атпен белгілі. Сол заттық айғақтардың ішінде б.з.д. ІҮ ғасырларда жасалған қобыз аспабы ерекше назар аудартады. Музыка саласының адамзат баласын тәрбиелеуде үлкен роль атқаратыны көне замандардан белгілі.

Кез-келген ұлт пен ұлыста «музыка өнері» дамып, жетіліп отырды. Сол өнерді орындап жеткізетін музыкалық аспаптары да мәдени мұра қатарына қосылды. Бабаларымыздың музыкалық аспаптары өзіне тән үні, орындаушылық дәстүрі қалыптасқан. Белгілі этнограф, ғалым Бикұмар Кәмалашұлы «Дүниежүзілік дәстүрлі музыка аспаптарының тарихына үңілсек көбі азиялық көшпелілер тарихына байланысты болып шығады» деген. Шынында әлемдік өркениетке үлесін қосқан көшпенділер халқы қадым заманнан бері музыкалық аспаптарды пайдаланды. Олар жаугершілік заманда халыққа хабар бергенде, аңға шыққанда аңды үркітуге, діни жоралғылық салттарында, ән-күйшілік өнерінде, дәрігерлік-шипаягерлігінде музыкалық аспаптарды орындаған. Мәселен, жау шапқанда елге хабар беру үшін үрмелі аспаптарды дабыл, дағыра, дауылпаз, кернейді пайдаланған. Бақсы сарындарында – даңғыра, асатаяқ, шаңқобызды, әнші-күйшілер өлең-жыр, терме-ән айтқанда немесе күй шерткенде – домбыра, жетіген, сыбызғы, қобыз аспаптарын пайдаланған. Сондықтан да ата-бабаларымыздың ерте заманнан келе жатқан музыкалық аспаптарының түрлері өте көп.

Ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, темірден, өсімдіктерден, саздан, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан тағы басқа да дыбыс шығаруы мүмкін заттардан қарапайым музыкалық аспаптарын жасаған. Еліміздің әртүрлі музейлерінің қорларында сақтаулы 400-ден астам көне музыкалық аспаптарды көруге болады.

Қазақтың музыкалық аспаптары десе ойға бірден домбыра, қобыз, жетіген, сырнай ойға оралады. Жоғарыда біз айтқан 400-ден астам музыкалық аспаптардың кейбірі бүгінде сахнадан орындалмай, тіпті бірлі жарымының нұсқалары да сақталмай бара жатыр.

XX ғасыр ішінде қазақтың ұлттық музыка аспаптарының көп бөлігі кәдеге жарамайтын болып шықты. Төл аспаптарымыз домбыра мен қылқобыз үлкен өзгеріске түсіп, қазақтың табиғат берген қоңыр үнінің бояуы жоғалды. XX ғасыр басында қазақ руханиятынан, болмысынан айырылып бара жатқан уақытта, музыкалық аспаптары да «ассимиляцияға» ұшырады. Домбыраның қоңыр үні ажырап, ішегі әр түрлі заттардан жасалды. Мұндай өзгеріске ішекті аспаптардың көбі ұшырады. Көптеген музыкалық аспаптарымыз халық жадынан ажырады. Қазақ сахнасын батыстың даңғазы дауыстағы музыкалық аспаптары басты. Заман ағымына қарай кейбір аспаптарымыз өзгеріске ұшырап, табиғи үнінен айырылды. Осы орайда National Digital History порталы қазақ жадынан ескіріп, дыбыс-үнінен ажырап бара жатқан аспаптарды назарларыңызға ұсынып отыратын болатындығы жайлы мәселені Ақселеу Сейдімбек өз еңбегінде айтып өткен.

Бұрың-соңды естіп көрмеген бозаншы, борғұй, бұғышық, жілік сыбызғы, хомус қазақ халқының көне байырғы музыкалық аспаптары. Бұл музыкалық аспаптар туралы бізге Моңғол Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, күйші, сыбызғышы Мұхаммед Райхан атамыз айтып берді.

Жетіген- қазақ халқының көп ішекті шертпелі аспабы. Жалпы тұрқы ұзынша, жәшік тектес етіп жасалады. Бетіне жұқа тақтайдан қақпақ жабылып, үн беретін ойықтары салынады. Жетіген – жасалуы да, ойналу әдіс-тәсілі де өте күрделі аспап. Ертеректе ел арасында сақталған көне жетігеннің ішегі аттың қылынан тағылып, тиектің орнына асықтар пайдаланылатын болған

Бозаншы – деген ежелгі сазды аспаптың бірі. Төрт қыл ішекті келетін, мойыны бар, пернелері болмайтын, кішкентай домалақ басы болатын аспап. Бозаншыны ысқымен

ойнайды. «Бұл аспап бүгінде жоғалып кеткен аспаптардың бірі шығар. Сондықтан бозаншыны қайта жаңғыртып, ұлт-аспаптар оркестріне қоссақ қандай тамаша болар еді», - дейді күйші, композитор Мұхаммед Райхан. Бозаншы аспабы түркі халықтарының басым көбінде кездесетін музыкалық аспап.

Бұғышық – көшпелі түркі-моңғол тектес халықтарда ертеден келе жатқан көне аспап. Тарихы ерте дәуірлерден басталады. Күйші Райхан атамыздың айтуынша, сақтардың аңдық стилі қалыптасқан дәуірде пайда болуы да мүмкін. Ол да үрмелі музыкалық аспап. Бұғышықты қуыс мүйізден де жасайды. Бүгінгі моңғол тектес халықтар да бұл аспап әлі де орындалып келеді. Қақас, тува, алтай халықтары бұл аспапты әр түрлі атаған. Алтайлықтар «абырғы», қақастар «пырғы», тувалықтар «амырғы» деген.

Желбуаз – қазақ халқының үрмелі аспаптар тобына жататын көне байырғы музыкалық аспап. Музыка зерттеушісі Райхан атамыздың айтуынша желбуаз мал терісінен жасалған. Сырт көрінісі меске ұқсас келеді екен. Аузын бекітіп тұратын қақпағы және үн шығаратын екі сырнай түтікшесі болады екен. «Бұл аспап Моңғолиядағы қазақ драма театрының ұлт-аспаптар оркестрінде болған. Желбуазды өңірлердегі тарихи-өлкетану музейлерінен көргеніміз бар. Бірақ орындаудағы әуенін естімеппіз.

Борғұй – қазақ халқының үрмелі, көне байырғы музыкалық аспаптарының бірі екен. «Борғұй аспабы туралы да бұрын аз-кем естігенмін. Өз басым бұл аспаты ұстап көрген жоқпын. Музыка мамандарынан естігенім бойынша, үрлемелі аспап болған», - дейді композитор Мұхаммед Райхан. Бұл аспапты да жаңғыртып қазақ жадына ұқтыруға болады дейді ағамыз. Бұл аспап туралы деректер аз.

Сыбызғы – көшпелі халықтардың көне үрмелі музыкалық аспабы. Сыбызғы аспабының түп-төркіні Алтай. Алтай қазақтың да, түркі халықтарының да алтын бесігі. Аспаптың орындаушылары қатарында Моңғолия, Қытай қазақтарында көп еді. Алтайдың қарақурайын иіп отырып, сыбызғылар жасалатын. «Қазір бұл аспаптың өзі жасаламай қалып барады. Бұрын Алтайды мекен еткен ата-бабаларымыз қарақурайды кептіріп, сыбызғы жасап алатын. Сыбызғының сонында мал айдап жүрген талай көшпенді халықтың баласын біздер көріп өстік. Әкеміз бұрын айтатын «біздер мал бағып жүріп, тал қурайды алып, ызындата әуелете беруші едік» деп. Қазіргі қурайлардың өзі бұл дауысты шығара алмайтын күйге жеткен деп естідім.

Саз сырнай, үскірік және тастауық. Саздан жасалынып, үрлеп тартылатын аспаптардың бірегей түрлері табылып отыр. Олар – саз сырнай, үскірік және тастауық. Бұл аспаптар «окарина» тектестер қатарына жатады. Мұндай аспаптарды марийлер – шун мушпық, чуваштар – там-шахлыча, там-шахран, там-шахаркач немесе там-кавалкал, эстондар – сави пиилу, латыштар – свилуе, литвалықтар – молинукас, армяндар – пепук, грузиндер – булбуль дейді. Бұл аспаптарды саздан жасап, кейін отқа күйдіреді. Олардың көлемі де, түрі де әр қилы келеді. Олардың сыртын көмкеріп ою-өрнек салған, кейде глазурьмен жылтыратады. Аталмыш аспаптардың ішінде диапазоны терция, одан да жоғары, кейде, тіпті, октаваға жететіндері кездеседі. Бағзы заманда бұл аспаптармен балалар халық әндерін орындаған. Мұндай аспаптардың бәрі де ысқырып ойналатын флейтаның тобына жатады. Кейбір халықтарда олардың ысқырғыш тетігі болмайды. Мысалы, қазақтың саздан жасалған аспаптарында ысқырғыш тетік жоқ. Бұл күнде окарина тектес аспаптар балалардың ысқырып ойнайтын ойыншықтары ретінде ғана қолданылып жүр. Олардың ішінде үш-төрт ойнау ойықтары барлары анағұрлым кең тараған.

Шертер – ежелгі шекті аспап. Шертерде домбыра сияқты ойнайды. Шертердің көлемі домбырадан көп кіші, бірақ сыртқы түрі қобызды еске салады, оған жұмыр түр беріп, сыртын терімен қаптайды, аттың қылынан екі шек тартылады. Аспап бір ғана бұрандалы болып келеді, шектің бір басы бұрандаға, екіншісі басына бекітіледі. Шертер аспабы аңыз, ән, ертегілерді айтқанда қолданылған. Ол бақташылар арасында кең тараған. Қазақтың көне музыкалық аспаптарының біріне жататын ол шертіп ойнау тәсіліне байланысты шертер деп аталған. Шертер екі немесе үш ішекті болып келеді. Ертедегі шертерлер ағаштан ойылып, шанағы көнмен (терімен) қапталған. Дыбыс күші қапталған терінің жұқа-қалыңдығына,

ішегінің жуан-жіңішкелігіне байланысты. Пернесі болмайды, ішегіне ызған жылқы қылы тағылады. Жалпы тұрқы 650 –700 мм. Ойнау тәсілі домбыраға жақын болғанымен, жасалуы жағынан қылқобызға көбірек ұқсайды.

Адырна -қазақтың көп ішекті шертпелі аспабы. Аспаптың шанағы қуыс, беті көн терімен қапталады. Б.з.б. аңшылар ұстанған көне аспап саналады. Оның көне үлгісі әуелде садақ тәріздес болған. Кейін бұғы, марал, киік, бөкен тәрізді аңдарға ұқсастырып жасап, мүйіз бен құйрықтың екі арасына ішектер тартып ойнаған. Адырнаны тізенің үстіне қойып, басын иыққа тіреп, ішектерін іліп тартып кейде шертіп ойнайды. Адырнаның ішегі шуда жіптен немесе тарамыстан тағылады, аспаптың тұрқы 48-50 см., қалыңдығы 8-10 см, 7-ден 13-ке дейін ішектер тағылады. Адырна қазіргі кезде фольклорлық әуендер мен шағын күйлерді орындауға қолданылады.

Асатаяқ - қазақ халқының ежелгі музыкалық аспабы. Асатаяқты абыздар мен бақсылар ұстанған. Әдетте, олар асатаяқты қылқобыз бен даңғыраның үніне қосып қолданатын болған. Асатаяқ жасалу тәсіліне қарай «күмбезде», «жалпақбасты», «ай басты», «жыланбасты», «сопақша», «қалақша», т.б. болып келеді. Олардыырғақтатып, сілкіп, шайқап ойнайды. Асатаяқмен, үйеңкі, қайың, долана секілді қатты ағаштардан жасалады. Бетіне әртүрлі салдыр-гүлдір, шулыдыбыс беретін темір салпыншақтар, сақиналар, шығыршықтар тағылады.

Дауылпаз – қазақтыңұрып ой-налатынкөне саз аспабы. Ертерек тебұласпап соғыс құралы ретінде айбар беріп, қыркөрсету үшін қолданған. Бертінкеле дауылпазды аңшылық пен құсбегілікке де пайдаланатынболған. Оның жасалу әдісі күрделі. Дауылпаздыңшапаты - өзегіалынған сырты жұмыр бітеу ағаштан ойып жасалған. Бетіәбдениленіп, кеңкейшыңылтыртері мен қапталады. Жайғабайлап немесе мойынға, иыққа іліп алып жүруге арналған аспалыбауы мен ұрып ойнайтын шағын таяқшасы болады. Дауылпаздың шанағының сыртын мүйізбен, түрлітастармен, ою-өрнекпен безендіріп, сәндеп жасайды.

Музыкалық тәрбие берудің басты мақсаты – жастардың шығармашылық ой-өрісін және жеке қабілеттілігін дамыту, халық музыкасы мен классикалық шығармаларды түсіне отырып қабылдай алатын, музыка өнері арқылы өмірдегі әсемдікті, сұлулықты сезіне білетін, ішкі рухани дүниесі бай, жеке тұлға ретінде эстетикалық талапқа сай, қоғамдық ортада беделді тұлғаны қалыптастыру.

Жастарға музыкалық білім беру жұмыстарында музыканы тыңдату, орындату, қызығушылығын ояту, музыкамен өмір, табиғат заңдылықтарының тығыз байланыстылығын сездіру істері күнделікті өрбіп отыруы тиіс.

Қазақ халқының музыка мәдениетінің даму тарихы өзгеше. Музыка аспаптарының әр түрлілігі де соның бір айғағы.Ұмыт болған аспаптарды қайта өңдеу және оларды жетілдіре түсу, аспаптарды дамыту сондай –ақ осы аспаптарға байланысты ұлттық өнерімізді тұрмысымызға кеңінен енгізу біздің азаматтық парызымыз. Сол парызды орындауға барынша ат салысып жүрген студенттеріміз баршылық. Соның ішінде Ақтас Томирис екеуіміз қобыз өнерін асқақтатып жүруді мақсат еткен болатынбыз. Соған орай Қостанай қаласына белгілі «Талант time» бағдарламасының жүргізушісі Бағдат Тобылбай эфирге қонаққа шақырып, жастардың назарын аударуға үлесін қосты. Бағдарлама аясында өскелең ұрпаққа қобыз аспабының ерекшеліктері мен қиыншылықтары жайында сөз қозғалды. Біздің орындауымызда А.Жұбановтың «Қарлығаш» әні мен халық әні «Қара торғай» шырқалды.Мерекелік іс-шараларға қатысып, концерттік бағдарламаларға үлесімізді қосып оқып жатқан мамандығымыз бойынша барынша ат салысудамыз.

Уақыт шаңына көміліп ұмыт қалған қазақтың көне аспаптарында ойнау тәсілдерін қайта өрбітіп, қалпына келтіру - әуезшілік шығармалардың мазмұнын жаңа көркемдік сатыға көтеріп қоймай, ұлттық мәдениетімізді байытып, оған дәстүрлік тұрпат беретіні сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Сейдімбек А. «Қазақтың күй өнері» Астана «Күлтегін» 2002ж.
2. Сарыбаев Б. «Қазақтың музыкалық аспаптары» Алматы «Жалын» 1978ж.

3. «Қазақтың музыкалық аспаптары» Алматы «Дидар» 1998ж.

## ДОМБЫРА ҮЙРЕНУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

**Махметова А.А.** «Музыкалық білім» мамандығының 1 курс студенті,  
Жетекшісі: **Амирхамзин Н.К.** педагогика ғылымдарының магистрі  
Өнер кафедрасының аға оқытушысы,  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Еліміздің қазіргі даму барысында балалардың домбыра аспабына деген қызығушылығы артуда. Ал домбыра үйренудің барша тәсілдерінің қазіргі таңда толық бір жүйеге келтірілмегендігі, өзекті мәселе ретінде музыкалық педагогика ғылымының зерттеу нысаны болып келеді.

Музыкалық білімі жоқ азаматтар мен азаматшалардың музыканың сандық тәсілі арқылы аз уақыт ішінде домбыраны меңгеру мүмкіндігіне жол ашу сандық тәсілді үйретудің негізгі мақсаты болып саналады.

Домбыра –қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі. «Әу демейтін қазақ жоқ» демекші домбыраны тарту әр қазақтың міндеті деп айтуға болады. Бүгінгі қорғағалы отырған тақырыбым осыған себепші болып отыр.

Қазақтың байырғы музыкалық аспабы – домбыраның құпиясы мол, ғылыми зерттеулер үшін әлі күнге шейін түрән түспеген тың өлке тәрізді. Қазақтың ұлы аспабын жан-жақты зерттеу ісіне өзінің саналы ғұмырын арнаған Жұмагелді Нәжімеденов домбыраны классикалық аспаптар қатарына қоюға болатындығын айтады

Жалпы домбыра тартуды үйренудің үш тәсілі бар.

Біріншісі, дәстүрлі тәсіл - қолға қарап, көзбен көре отырып, жадқа тоқитын «құймақұлақтық» амалы. Екіншісі, халықаралық ноталық жүйе бойынша үйрену. Ал, үшіншісі- сандық жүйе тәсілі. Бұл - аяқ астынан ашылған жаңалық емес, шәкірттерге музыкалық аспапты меңгеру үшін Үндістан, Қытай, Пәкістан, т.б. шығыс елдерінде ежелден қолданылып келе жатқан әдіс.

«Қазақстанда бұрыннан белгілі осы әдісті кәдеге асырғанымызға біршама жыл болды. Осы уақыт ішінде сандық тәсіл бойынша домбыра үйретудің адам айтса сенгісіз нәтижелеріне қол жеткіздік. Мәселен, өмірінде қолына домбыра ұстап көрмеген шетелдік азаматтар бірер сағат ішінде күй үйреніп, жатық ойнайтын дәрежеге жеткендеріне өзгеден гөрі өздері таң қалды. Республиканың шалғай ауылындағы көптеген көркемөнерпаздар тобын санамалап жатпайақ, 2000 жылы Венгриядағы Қазақстан елшілігінің арнайы шақыруымен барып, мадия жерінде домбырашылар ансамблін ұйымдастырғанымды айтсам да жеткілікті болар. Ансамбль мүшелері бір апта ішінде домбыра аспабын еркін меңгеріп, еуропа композиторларының шығармаларына қоса Құрманғазы мен Тәттімбет күйлерін күмбірлете, құлшына тартқанда іштей тебіреніп, жан дүнием толқын атқан теңіздей толқығаны есімде. Сол сәттен бастап сандық тәсіл арқылы кез келген музыкалық аспапты, соның ішінде домбыраны - кәрі-жасына, лаузым-жұмысына, ұлты мен жынысына қарамастан – ынталы жанның бәріне үйретіп, шын мәнінде халықтық аспапқа айналдыруға болатынына анық көзім жеткен еді» деді Жұмагелді Нәжімеденов [1].

Жұмагелді Нәжімеденов Атырау облысының Құрманғазы ауданы Қошалық ауылында 1953 жылы дүниеге келді. 1976 жылы Атырау музыкалық колледжінің домбыра сыныбын,